Álıhan Bókeıhan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

# AQTOǴAI AJARY

1938 жылдың 15 тамызынан бастап шығады

Aqtoǵaı aýdandyq qoǵamdyq-saıası basylym

«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 41 (7983) 6 желтоқсан, Жұма 2024 жыл

aktogai_red@mail.ru

# Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы басты мәселе



**Президент реформасы – өміршең өзгерістер**

Президент Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында стратегиялық мақсаттармен қатар, орта мерзімде, яғни алдағы 3 жылда жүзеге асырылатын нақты міндеттер қойды. Соның ішінде макроэкономикалық саясатты қайта қарап, жаңарту керектігін айтты.

–Мен жаңа ғана экономика салаларындағы реформалардың негізгі бағыттарын айқындап бердім. Оның бәрін табысты жүзеге асырудың басты шарты – макроэкономикалық тұрақтылық. Бұл – аксиома. Қаржы, салық-бюджет және ақша-несие саясатын үйлестіру керек, – деді Қ.Тоқаев.

Бұдан бөлек, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы инвестицияның маңыздылығына, экономиканың өсімін тежеп тұрған басты мәселе бұл – инвестицияның жетіспеушілігі екенін баса айтты. Бұл мәселені тиімді шешудің жолы ретінде өндіріске шетелдік инвесторлармен қатар, отандық инвесторларды тартудың қажеттілігіне тоқталды. Сонымен қатар еліміздегі банктердің экономиканы дамытуға белсенді атсалыспауының салдарынан 2022 жылы негізгі капиталға салынған қаражат сомасы ІЖӨ-ге шаққанда небәрі 15 пайыз болғанын, банктердің тұтыну несиесімен әуестенуі қаржы жүйесіне төнетін сынқатерлердің көбеюіне және азаматтардың шектен тыс қарызға батуына әкеп соқтырғандығын айтты. «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң» мәселені біршама реттегенін, дегенмен бұл бағытта банктердің жеке тұрғындарға тұтыну кредиттерін бергеннен гөрі нақты секторды қаржыландыруға аса мән бергендері тиімді болатындығын жеткізді Бұл салада қалыптасқан ахуалды түбегейлі түзету үшін жаңадан жүйелі шаралар қабылдау қажеттігін, ол үшін ең алдымен, азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыру өте маңызды шарт екендігін атады. Осы орайда, Мемлекет басшысы «Amanat» партиясының жүзеге аса бастаған «Қарызсыз қоғам» жобасына тоқталып, оның тиімділігін ерекше атап өтті. Алдағы кезеңдерде Үкіметке «Amanat» партиясымен бірлесіп, «Қарызсыз қоғам» жобасының ауқымын кеңейтуді тапсырды. Бұл жобаның негізгі мақсаты – жеке тұлғалар арасында проблемалық берешегі бар адамдардың қаржылық сауатын арттыру.

**Тлеухор Кайранбекова,**
**Сарышаған кентінің әкімі аппаратының бас маманы.**

* Агроөнеркәсіп кешені – 2050

# Маңдай тер ақталған күн

Жыл сайын елімізде күз мезгілінің үшінші жексенбісінде ауыл шаруашылық қызметкерлер күні аталып өтіледі. Бұл мерекенің сары күздің соңғы күніне қойылуы да тектен-тек емес. Өйткені, жыл бойына еңбекпен табылған жемістің қорытындысы көрсетіліп, еңбек адамдарының да жұмыстары бағаланады. Олардың мерейлері тасып, еңбекке деген ынтасы артып, құлшынысы көбейеді, әрі өзгелерге үлгі болады. Ауыл шаруашылығы саласы ел дамуының басты бағыттарының бірі екені даусыз. Бұл сала аймақта да жетекші орынға шығып келеді. «Агроөнеркәсіп кешені экономикадағы басты қозғаушы күштің біріне айналуға тиіс», – деген еді Мемлекет басшысы өткен аптада ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында. Ауыл шаруашылығы бәсекеге қабілетті озық сала болуына бизнес те, мемлекет те мүдделі екенін ашып жеткізді. Айтулы мереке қарсаңында облысымызда ауыл шаруашылығы, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі қызметкерлерінің күніне орай сала мамандары бас қосқан үлкен шара болып өтті. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ауыл еңбеккерлерін мерекемен құттықтап, облысымыздың жеткен жетістік, атқарған жұмыстарына кеңінен тоқталып өтті. Аймақ басшысының ақпарына құлақ түрсек, облысымыз биыл жақсы нәтижелерге қол жеткізгенін атап өтті. 1 миллион 300 мың тонна астық пен 400 мың тоннаға жуық картоп жиналғанын мақтанышпен айтты. – Бұл – ауылшаруашылық еңбеккерлері, сіздердің маңдай тер, еңбектеріңіздің жемісі деді. Ақпар барысында, шаруақожалық иелеріне «Бәйтерек» холдингінің даму институты айтарлықтай қолдау көрсетіп келе жатқанын тілге тиек етті. Сондай-ақ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Қарағанды филиалы биыл 10 млрд. 600 мың теңге сомасына 5% мөлшерлемемен 700-ге жуық ауыл шаруашылығы техникасын лизингке берсе, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы облыстың 570 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері 19,5 млрд. теңге сомасына жеңілдетілген несие алған екен. Мал шаруашылығының дамуын ерекше тоқталды. Ірі қара мал басы 17,6%-ға, жылқы – 15%, қой мен ешкі – 16%-ға өсті. Соған сәйкес, ет өнімдердің көлемі де өсуде. Бұл – сіздердің жұмыстарыңыздың нақты нәтижесі. Сонымен қатар, аймақ басшысы «Ауыл аманаты» бағдарламасына тоқталып, жыл соңына дейін 612 шағын несие берілетінін, 816 жаңа жұмыс орны мен 60 кооперативтің құрылатынын жеткізіп, үз-дік мамандарға марапаттарын табыстады. Сәні мен салтанаты жарасқан шарада біздің ақтоғайлық еңбеккерлер де маңдайлары



жарқырап марапат төрінен орын алды.Кәсіптік мерекеде қызыларайлық жерлесіміз «Ерасыл» шаруақожалығының механизаторы, комбайншысы Бекмағанбетов Мәулен Ақымысұлына өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаев Ел Президентінің атынан ерен еңбегі үшін «ІІІ дәрежелі Еңбек Даңқы» орденін кеудесіне тақты. Сондай-ақ, Қарағанды облысы бойынша, 2024 жылдың «Үздік комбайнеры» номинациясының жеңімпазы атанды. Шабанбай би ауылдық округі «Жанғұтты» шаруа қожалығын жетекшісі, ірі қара және қой малымен селекцииялық жұмыстар жүргізе отырып, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Құрмет Грамотасымен»» Ордабеков Азамат Газизұлы, Қызыларай ауылдық округінде «Ерасыл» шаруа қожалығының жетекшісі, биылғы егін науқанында агротехнологиялық талаптарды сақтай отырып, рекордық өнім алуға қол жеткізгені үшін облыс әкімінің «Құрмет Грамотасымен» Нуртазин Ержан Жамелұлы, «Qazag Meat» ЖШС төрағасы ауылшаруашылығы саласының өсіп-өркендеуіне қосқан үлесі үшін Сағындық Бекболат Өмірсерікұлы «Ауылшаруашылығының үздігі» төсбелгісімен марапаттаоып, құрметке ие болды.

**Г.Елеусізова.**

AQTOǴAI AJARY

*Жаңа 2025 жылға жазылыңыз!*

*Аудан өмірінің айнасы, ауданымызда жарық көретін жалғыз басылымды қолдаңыз, ағайын!*

*aktogai_red@mail.ru*

*Aktogai_ajary*

*www.facebook.com/a.ajary.kz*

*Газетке «Қазпоштаның» аудандық, ауылдық бөлімшелері және Kaspi GOLD арқылы жазылуға болады. Тел: 8-708-547-43-03 Kaspi GOLD*

| Жеке жазылушылар үшін индексі – 65031, | Мекеме, ұжымдар үшін индексі – 15031, |
| --- | --- |
| 6 айға – 2457,30 теңге. | 6 айға – 2957,28 теңге. |
| 1 жылға – 4914,60 теңге. | 1 жылға – 5914,56 теңге. |

*Біздің мекен-жайымыз: Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, 1 А.*
*Анықтама телефондары: 2-18-81, 2-15-39.*

*Ескерту: Kaspi GOLD арқылы жазылған абоненттің аты-жөні, ИИН мен мекен жайы көрсетіліп, төлемнің скрин нұсқасын жіберу керек.*

** Агроөнеркәсіп кешені – 2050*

# Өңірдің өсуіне атсалысқандар – құрмет төрінде

29 қараша күні аудан әкімдігінде ауыл шаруашылық, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі қызметкерлер күні мерекесіне арналған салтанатты жиын болып өтті. Шараны аудан әкімі А.Аманжолов ашып, кәсіптік мерекемен барша жиынға қатысушыларды, ауыл еңбеккерлерін құттықтады. Сөз





алған өңір басшысы: – Ауыл – руханиятымыздың темірқазығы, ұлттық құндылығымыздың алтын бесігі, береке мен байлығымыздың бастауы екені даусыз. Ауыл – қазақтың қаймағы, нағыз бет – бейнесі. Бұл мерекені жерде еңбек ететін, мал шаруашылығымен айналысатын, азық-түлік өнеркәсібінде жұмыс жасайтын, еліміздің және өңіріміздің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге талмай үлес қосып жүрген жандардың еңбегінің жемісі деп білеміз. Халықтың әл-ауқаты мен өмір сапасының жақсы болуы ауыл шаруашылығының дамуымен тығыз байланысты. «Елдігімізді еселеп, мемлекеттігімізді нығайтқан осы жылдардың ішінде ауыл шаруашылығы саласы мемлекеттік қолдаудың арқасында жаңа деңгейге көтеріліп, ел экономикасын дамыту мен ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттырудағы жетекші күшке айналды.

Осындай жетістіктерге жетуімізге атсалысып, тер төккен баршаңызға Отанымыздың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы табанды еңбектеріңізбен өз істеріңізге адалдықтарыңыз, туған жерге деген сүйіспеншіліктеріңіз үшін алғыс айтамыз. Кәсіптік мереке құтты болсын, сіздерге зорденсаулық, еңбектеріңізге жеміс тілеймін, – дей келе шараның марапаттау рәсімен жалғастырды.

Ортаға Сарытерек ауылдық округінде «SAQ NS» ауылшаруашылығы кооперативін, мал сою алаңын және қымыз өндеу цехын ашып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді мықтап қолға алған, Сейлхан Мұхамедиев шақырылып кеудесіне «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Еңбек ардагері»» медалі тағылды.

Қарағанды облысының қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны және әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі мен мінсіз еңбегі үшін, «Ақтоғай несие» ЖШС басқарма төрағасы, ұзақ жылдар мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруда ауданның шаруа қожалықтарымен тығыз байланыста жұмыс атқара отырып, ауыл шаруашылық саласының дамуына үлес қосқан «Ақтоғай несие серіктестігі» ЖШ басқарма төрағасы Абдулла Мырзабекұлы, ауылшаруашылығы бөлімінің бас маманы, ұзақ жылдар бойы мемлекеттік қызметте абыройлы еңбек атқарған Жаныс-беков Қайырбек, Қарабұлақ ауылдық округі «Сарсенбек» асыл тұқымды «Дегерес» қой тұқымын өсіруші шаруашылық, өткен жылы ірі жоба ретінде асыл тұқымды «Қазақы ақ бас» ірі қара малын өсіретін репродуктор шаруашылық мәртебесін алған Оспанов Батырбек, еңбек жолын 2013 жылдан бастап, «Ақтоғай аудандық ветеринариялық станциясына» қарасты, Қара-бұлақ ауылдық округінің ветеринариялық пункт меңгерушісі қызметекері Мұратхан Қапасов және «Мектеп» шаруа қожалығының жетекшісі Шолпан Төлепбергенова және облыс әкімінің Алғыс хатымен Нүркен ауылдық округінің «Руслан» шаруа қожа-лығының жетекшісі 1997 жылдан бері шаруа қожалықты құрып, ірі қара және ұсақ малымен селекциялық жұмыстар жүргізе отырып, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп келе жатқан Ильяс Әбілдин марапатталды. Шырайлы шарада ауданның қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны, жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі жеке еңбек және шығармашылық үлестері үшін ауданымыздың бір топ еңбек адамдары аудан әкімінің Құрмет грамотасымен, Алғыс хатымен марапатталды. Сонымен қатар Қусақ, Абай, Қызыларай ауылдық округтерінің ветеринарлық пункті мекемесіне қызметтік көліктің кілттері табысталды.

Ауыл еңбеккерлерінің мерекесінде осындай құрметке ие болғандар атынан А.Мырзабеков ұйымдастырушыларға алғыс айтып, әріп-тестерін мерекемен құттықтап: –Сіздердің тәжірибелеріңіз бен білімдеріңіз алдағы уақытта да өңіріміздің агроөнеркәсіптік кешені әлеуетінің өсуіне ықпал етеді деп сенеміз, кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, барлығыңызға зор денсаулық пен бақ-береке тілеймін, – деді.

Салтанатты шарадан соң, «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблі мерекелік концерт қойып, әннен шашу шашты.

**Гүлнар Метайқызы.**

** Жағымды жаңалық*

# Жаңа пәтер кілттері табысталды

Қарашаның жұлдызды күндерінде ауданымызда үлкен сүйіншілеген жаңалық болды. Бүгінде ауылдарымыз түрлі нысандармен жаңару үстінде. Соның бір айғағы ауыл халқын қуанышқа бөлеп отырған бір қабатты қос пәтерлі үйдің ашылу салтанаты. Ауданымызда заман ағымына қарай жаңа ықшам аудан салынып жатқаны баршамызға мәлім. Міне, бүгін сол ықшам ауданның алғашқы тұрғындарына пәтер кілттері салтанатты түрде табысталды. Шараның ашылуына аудан тұрғындары, мекеме-бөлім басшылары қатысып, пәтер иеле-



рінің қуанышына ортақтасты. Салтанатты шарада аудан әкімі Абылай Базылұлы сөз алып: – Құрметті ауылдастар, бүгін ауданымыз үшін үлкен мереке, қуанышты сәт. Жаңа пәтерлердің кілттері өз иелеріне табысталмақ. Жалпы ауданымызда 286 адам үй кезегінде тұр. Жергілікті билік мемлекеттің қолдауымен бұл мәселенің шешімін табуда нақты жұмыстар жүргізуде. Биыл алты үйдің құрылысы аяқталды. Сәлден соң жаңа қоныс иелерінің иелеріне пәтер кілттері тапсырылмақ деп, – ортаға ұзақ уақыт кезекте тұрған көпбалалы төрт отбасын, үйлері апатты деп танылған екі отбасын шақырып, пәтердің кілттерін салтанатты түрде табыстап, ақжарма тілегін жеткізді. Жаңа қоныс иелері шаттыққа бөленіп, шексіз алғыстарын айтуда.

**Құлмұхаммет Серікғалиұлы.**

*Республикалық акция аясында*

# Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол жоқ



Тұрмыстық зорлық-зомбылық – отбасы тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға қатысты дене зардабын және психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті. Көбінесе әйелдер мен балалар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбандары болып табылады. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық әлемнің барлық аймағында таралған және кез келген қоғамда кездесетін жағдай. Нәзікжандыларға қатысты зорлық-зомбылық жасау мәселесі тек нәсілдігін, әлеуметтік ортасын, шығу тегін ғана қозғап қоймай, сонымен қатар, басқа жағдайлардан туындайды. Бұл құбылысты тоқтату жолдарын қоғам шешуге тырысады. Тұрмыстық зорлық-зомбылық баланың дамуына және оның өмір бойы басқа адамдармен қарым-қатынасына ықпал етеді. Қазіргі қоғамның басты дертіне айналған бұл мәселемен жалғыз құқық қорғау қызметкерлері ғана емес, жалпы қоғам болып күресу маңызды. Отбасын саналы түрде құрған ер азамат отбасы алдындағы жауапкершілікті сезініп, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол бермегені абзал. Бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналған отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алып, бейбіт ел, ынтымағы жарасқан халық, үлгілі отбасын құру әр адамның өз қолында. Республика аумағында ағымдағы жылдың 25 қараша мен 10 желтоқсан аралығында «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенділік» акциясы жарияланған болатын. Осы мақсатта аудандық әкімшілік, аудандық ішкі істер бөлімі, ауылдық аналар кеңесі, білім бөлімі, ішкі саясат бөлімі бірлесіп күн тәртібіндегі мәселеге орай бірнеше жерде кездесулер өткізді. Аудан орталықтарына, ауылдық округтің көрнекті жерлеріне «Біз тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсымыз» тақырыбында баннерлер ілініп, ақпараттық хабарламалар таратылды. Акцияның алғашқы күнінде аудандық Мәдениет үйінде халықпен кездесу өтті. Сонымен қатар аудандық кітапханада, Сарышаған кенті әкімдігінде, аудандық аграрлық-техникалық колледжде, ауылдық округтерде, К.Байсейтова мектебінде дөңгелек стол басында кездесулер ашық пікір алмасулар өтті. Кездесу болған барлық жерде Ақтоғай ауданы ПБ жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы полиция капитаны Эльвира Тәжібаева ақпар жасап, зорлық-зомбылықпен күресудің жолы туралы жан-жақты мәліметтер берді. Түптеп келгенде акцияның мақсаты-әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты болдырмауға, оның жолын кесуге, ана мен баланы қорғауға, отбасылық құндылықтарды насихаттауға бағытталған, мемлекеттің қабылдап жатқан шаралары туралы халыққа кеңінен насихаттап, таныстыру болып табылады.

**Г.Елеусізова,**
**Ақтоғай ауылдық аналар кеңесінің төрайымы.**

** Президент тапсырмасын орындай отырып...*

# Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына 2025 жылы енгізілетін басты өзгерістер

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы Президенттің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру мақсатында қабылданды.

Жалпы, Заң сатып алу процесінің рәсімдерін оңтайландыруды, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуды, мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігін күшейтуді және бәсекелестікті дамытуды көздейді.

**Заң новелласының бірінші блогы сатып алу рәсімдерін жеңілдетуге және қысқартуға бағытталған.**

**Бірінші.** Шағымдарды қарау тетігі жаңартылды. Қаржы министрлігінің бақылаушы орган ретіндегі рөлі қайта қаралды.

Сатып алуды жедел жүргізу, тапсырыс берушілерге зор өкілеттіктер беру, сондай-ақ сатып алу рәсімдерінің кешіктірілуін болдырмау мақсатында бұдан былай шағымдарды сатып алуды ұйымдастырушының өзі тікелей қарайды. Сатып алу қорытындыларына шағымдану веб-портал арқылы және жеңімпазы тек конкурстық комиссия айқындаған сатып алулар бойынша ғана жүзеге асырылады.

**Екінші.** Сатып алу рәсімдерін өткізу мерзімдерін қысқарту мақсатында Заңда тікелей белгіленген мерзімдер Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының деңгейіне ауыстырылды.

**Үшінші.** Рәсімдерді оңайлату және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін мемлекеттік сатып алуды өтпеді деп тану негіздері қайта қаралды. Бұрын сатып алулар тек 1 әлеуетті өнім беруші қатысқан жағдайда өтпеді деп танылатын. Енді мұндай өнім берушіні тиісті біліктілік талаптарына сай деп таныған жағдайда онымен шарт жасасуға рұқсат беріледі.

**Төртінші.** Тапсырыс берушілердің тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жедел сатып алуына оңтайлы жағдай жасау және оларға барынша дербестік беру мақсатында құны 100 АЕК-ке дейінгі тауарларды, 500 АЕК-ке дейінгі жұмыстар мен қызметтерді бір көзден сатып алу құқығы қарастырылған. Ауыл әкімдіктері үшін мұндай тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шегі 3000-нан 4000 АЕК-ке дейін ұлғайтылды. Сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алуға қажетті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді бір көзден сатып алу мүмкіндігі бекітілді (әзірге тек төтенше жағдай салдарын жою үшін).

**Бесінші.** Ғылыми ұйымдардың сатып алу тәртібі жеңілдетілді. Мәселен, ғылыми зерттеулер мен ғылыми жұмыстарды орындау үшін ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының сатып алу рәсімдері енді Ғылым және жоғары білім министрлігі бекітетін қағидалар бойынша жүзеге асырылады.

**Заң новелласының екінші блогы сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған.**

**Бірінші.** Сатып алуға қатысушылардың біліктілігін арттыру және өнім берушіні таңдаудың бағалық емес өлшем шарттарын дамыту үшін әлеуетті өнім берушілердің тізілімі енгізілді. Бұл абыройына нұқсан келмеген өнім берушілер арасында сатып алуды жүзеге асыруға және сатып алудың барлық түрі бойынша баға мен сапа өлшемшарттарын біріктіре отырып, өнім берушілерді дұрыс таңдауға мүмкіндік береді.

Бұл ретте өнім беруші туралы ақпарат мемлекеттік органдар жүйелерінің мәліметтері негізінде түзіледі (жұмыс тәжірибесі, қаржылық орнықтылығы, салық берешегінің болмауы, ашық қолжетімділікте қаржылық есебінің жариялануы және т.б.).

**Екінші.** Заңда толық дайын түрінде берілетін құрылыс туралы шарт жасасу мүмкіндігі, яғни жобалаудан бастап объектіні пайдалануға беруге дейінгі жобаны жүзеге асырудың барлық кезеңі, сондай-ақ көрсетілген жұмыстарға ілеспе тауарлар жеткізу және қызметтер көрсету үшін жауапкершілікті бір өнім берушіге жүктеу мүмкіндігі белгіленген.

**Үшінші.** Әлеуметтік, экономикалық және экологиялық аспектілерді ескере отырып, тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға негізделген «тұрақты мемлекеттік сатып алулар» түсінігі енгізілді.

**Заң новелласының үшінші блогы өнім берушілердің жауапкершілігін арттыруға бағытталған.**

**Бірінші.** Мемлекеттік сатып алуларға қоғамдық бақылау жүргізу мүмкіндігі енгізілді.

**Екінші.** Бұрын сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылық жасаған әлеуетті өнім берушінің, басшының немесе құрылтайшының мемлекеттік сатып алуларға қатысуына тыйым салынды. Жалақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар әлеуетті өнім берушілер де мемлекеттік сатып алуларға жіберілмейді.

**Үшінші.** Өнім беруші жұмыстарды орындау немесе қызметтер көрсету үшін қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті көлемі 50-ден 30 пайызға дейін қысқартылды.

**Заң новелласының төртінші блогы бәсекелестікті дамытуға бағытталған.**

**Бірінші.** Барлық мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдарды сатып алудың бірыңғай платформасына – мемлекеттік сатып алудың веб-порталына көшіру мүмкіндігі заңнамалық тұрғыда бекітілді. Бастапқы кезеңде қазіргі сатып алу алаңдары сақталады және сатып алу бойынша егжей-тегжейлі ақпаратты жинау және көрсету үшін интеграция жүргізіледі.

**Екінші.** Тауар биржалары арқылы сатып алу тәсілі алынып тасталды.

**Үшінші.** Үкімет айқындаған нақты өнім берушімен тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу енді жалпыхалықтық мәні бар аса маңызды объектілер мен жобаларды іске асыру үшін қажетті ерекше жағдайларда ғана жүзеге асырылады.

**Төртінші.** Отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында Қаржы министрлігі тек қана шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жеке тізбесін бекітеді.

Заң 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**«Ақтоғай ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.**



*Серік Сағынтай 1976 жылы 11 желтоқсанда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында дүниеге келген. 1992 жылы Қоңырат ауылында Қазыбек Нұржанов атындағы орта мектепті, 1997 жылы Жезқазғандағы О.Байқоңыров атындағы университеттің тарих-шет тілдер факультетін тәмамдап, Ақтоғай аудандық «Арқа еңбеккері» («Тоқыраууын тынысы») газетіне әдеби қызметкер болып орналасқан. 2000 жылдан Балқаш қалалық «Балқаш өңірі» газеті редакторының орынбасары, облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің әдеби қызметкері, облыстық «Балқантау» газетінің Бас редакторы, республикалық «Айқын», «Алаш айнасы» газеттерінің Қарағанды облысындағы меншікті тілшісі қызметтерін атқарған. Республикалық «Қасым» әдеби-қоғамдық журналының бас редакторы. 2003 жылы «Шабыт» Халықаралық фестивалінде жүлделі 1-орынды иеленген (әдебиет номинациясы, проза). 2005 жылы «Зерде» қоғамдық қоры ұйымдастырған «Поэзия, менімен егіз бе едің?» атты республикалық жыр мүшәйрасының бірінші орын жүлдегері. 2009 жылы Жаңаарқа ауданының 80 жылдығына, Жазушылар одағының 75 жылдығына арнап өткізілген республикалық мүшәйрада 2-орын иеленген. Облыстық, республикалық жыр додаларының бірнеше дүркін жеңімпазы. «Жазу», «Фәни-құс» атты өлеңдер жинағы, «Қарға» атты әңгімелер жинағы жарық көрген.*

### КҮЗГІ ХАТ

Жапырағын қайыңның жел ұрлайды,
Күздің өңі өзгеше:
Өмір. Қайғы.
Жас қайыңнан жұлынған жапырақ кеп,
Көк теректің ығына дамылдайды.
Жел тінтеді тоғайдың етек-төсін,
Жеткізердей сызданып жат өкпесін.
Жас қайыңнан жұлынған жапырақты,
Жел қуалап аулаққа әкетпесін.
Жапырақ-жыр жазып ем саған арнап,
Қайыңмын деп көктейтін далаға орнап.
(Далаға орнап күз жатыр нала қамдап).
Өзегімнен үзілген жапырақ-жыр
Саған кетті, ұшырмай көр амалдап.
Мен қайың деп, ал сені көк терек деп,
Теңеп көрдім өзімше ептеп-ептеп.
Жапырақ — жыр, сезімің жел шығар деп,
Өлеңімді лақтырмашы өкпелеп кеп...

* * * * *

# Менің атым – ФӘНИ-құс

### ҚАЗАҚ

Қайдасың, мырза көңіл, мәрт күндерім?!
Серт қылып ат құйрығын шарт түйгенім.
Егесіп екі кештің арасында,
Сүргінге сүрең салып тарттым дедім.
Кіреуке кірбің кілкіп кірпігімде,
Қосып бір құмай Күнді түлкі іңірге.
Түтігіп тебінгімді тер шірітіп,
Күңіреніп күнде жорттым Күн түбінде.
Жыра-жар, тұма бастау, құба қырдан,
Сағым боп сарнай көштім сылаң ұрған.
Қонақтап Қорқыт-тағдыр тар маңдайға,
Жын қуып жылыстадым жұмағымнан.
Қырқып бір қос қанатын қарға түннің,
Тайпалмай, тайғақ кешіп таңды атырдым.
Сере де сере мұзбен шөл қандырып,
Қар қарпып, құсаланып қан қақырдым.
Күрсінді ол осыны айтып ақырғы рет,
Содан соң соқпай қалды батыр жүрек.
Түрткілеп ердің тәнін арғымақ тұр,
Жапанға ымырт-тарих жатыр түнеп.
Тартпа бос, тебінгі сау, терлік аман,
Тек енді тіл қатпайды шерлі бабам.
Күңіреніп Күн түбінде мен де қалдым,
Ей, жалған, не істе дейсің енді маған?!

* * * * *

### ҚАСЫМ ЖАЙЛЫ

...Тумастан айналып дастанға,
Жөргекте шерлі өлең тербеген.
Шалқалап Ай жүзген аспанда,
Еңбектеп өмірге енді Өлең!
Шалқалап жүзеді Ай неден,
Жауынсыз, дауылсыз ғасыр ма ед?!
Қауырсын қанатын жайды Өлең,
Балапан Қасым боп!
Қасым боп өмірге келді Жыр,
Келді жыр – шыр-пырлы шер ғұмыр.
Жетімге жақын ба көр-күбір,
Күтті оны алапат зор дүбір.
Молада әке боп сөнді нұр,
Санада өмір боп өнді гүл!
Жүдеген...
Молаға түнеген,
Алқымнан жоқшылық кездігін тіреген.
Жетімнің жүрегін жандырған,
Мен сені сүйемін, ұлы Өлең!
Демімен, шерімен зілбатпан,
Жырлатқан, жасын боп үн қатқан Күн жақтан.
Мен қалай сүймеймін Өлеңді –
Қасыммен окопта бір жатқан?!
Арқаның өзендеріндей,
Кезеңдеріндей,
Асуларындай,
Ғашық жарындай –
Еңірей табысып даламен,
Баламен, анамен, ағамен,
Оқ тескен шинелін сүйретіп,
Майданнан оралды Қараөлең.
Қасым боп оралды ол,
Жасын боп оралды!
Лашын боп шүйгендей қуйкентай қоғамды.
Қарқ етіп үш жүз жыл жүрмеді,
Жарқ етіп жанды да... жоғалды.
Өлең де оқ тескен шинелдей,
Шалғайы сан отқа күйгендей.
Елтірі қаракөл заманнан ертеңге –
Шинелмен өтті ақын именбей.
Әтірдің иісі бұрқырап,
Жасанды жырынан
Мың ақын келеді жыр құрап.
Бір Қасым басым ғой мыңынан!
Соғыстың алауы...
Шинелдің иісі...
Ескі ауыл... тас қора... қи ысы...
Дос-бауыр... баспана... үш-іші...
Сезім мен төзімнің сүйісі...
Қасымның ғаламы – жасынның тұрағы,
Ғасырдың шырағы, ұраны –
Өзі де, жыры да тірі әлі,
Біздерге үлескен мұраны.
Жақсы өлең оқылған кештерде,
Қасым кеп қасқайып тұрады!..

* * * * *

### МІНЕЗ

"Қоңырқаз көл жағалай қаңқылдаған"
Ән еді-ау ердің қасын алтындаған.
Күреңмен Күн түбінде құйғытқанда,
Күннің сол сәулесіндей жалтылдаған!
Жай күні жай отындай жарқылдаған,
Аспанда найзағай боп шартылдаған.
Қазаққа мінез керек мін тақтырмас,
Салдардың сарқытындай сарқылмаған.
Қарғадан – көңіл қалған – қарқылдаған,
Шабыт та шабыт емес – шарқ ұрмаған!
Алаштан әні озып келеді әлі,
Алкеуде арғымақтай алқынбаған.
Мен де бір – шал баласы ән тыңдаған,
Самалға сана салып, салқындаған.
Жиреніп өтіп барам жыбыр күннен,
Күй болып күйі келіп тартылмаған.
Жыр болып оралатын әр күн маған,
Мінездің парықтар ма парқын ғалам?
"Өлсем" деп Кемпірбайдың сөзін айтып,
Кемсеңдеп кетер күнін шал құндаған.
...Намысың нажағай боп шарт еткенде,
Жаныңнан, жалған жылап, жан кеткенде.
Әуелеп, әуен іздеп әуре болсаң,
Жанардан жалғыз сәуле жалт еткенде!
Қыранның шын мінезі – самғағаны,
(Жалғанда жанар – мұңлы, жан – жаралы),
Талғанда қанатың бір көрге түссең,
Жалғанда жарық күн боп ән қалады.
Жасындай – тыңдаған ән – бір жасаған,
Ұстатса – арман кәне – жыр-қашаған.
Қартайған Жүсекеңнің көзі екен ғой,
Елуге енді келген Құрмаш ағам.
...Дәметіп отырғанда жыр-дастаннан,
Бір сәттік сәуледей боп тұрмас жалған.
Қазақтың мінезі екен іздегенің –
Ән сынды әсемқоңыр Құрмаш салған!

* * * * *

### ӨЛЕҢ

...Мен едім көркем жанның көңілдісі
Келетін көктем көрсе төгілгісі.
Ғұмырын ғасыр шайған шәйірлердің
Жырының – жүрегімде шөгіндісі.

Сайтанның жолықса да соғындысы,
Кеудеме сыз жолатпас тобылғы ысы.
Жүректің жылы қанын шупілдеткен,
Тәнім ғой – құмыраның қоңыр қышы.
Тұлғамды баса да алмас тобыр мысы
Зердемде бабалардың зор үлгісі.
Байқатпай бес күн жалған өтсе-дағы
Өлтірмес өлең шіркін, өмір күші.

Тіршілік – шимай басқан ала қағаз,
Шимайлап бала да мәз, аға да мәз.
Әр адам өз жазуын жол қылады,
Қаламмен қағазға емес, санаңа жаз.

Пендеше мұңайсам да миы ашыған,
Қарадым қараөлеңнің қиясынан.
Адам боп өмірге еніп, қадам басып,
Қалам боп кеткен екем: сиясы – қан.

Жазуды өмірім деп ұғынғасын,
Сезімге алмастырар ғұмыр бәсін.
Жүресің ел көшіне жанай көшіп,
Білесің құбыланың құбылмасын.

Терменен темір болып тебінгісі,
Тербеліп түзде жортпас тегін кісі.
Ақынның арманымен өмірі егіз –
Ал, өлең – көкке ұшқан Көңіл құсы...

* * * * *

Жүрегіңе жүрегімді тыңдатам,
Тілегіңе тілек үстеп үн қатам.
Мен таң болсам, өзіңменен бірге атам,
Күн болсам да, бір батам.

Жанарыңнан жанарымды көремін,
Ажарыңа әр қоссам деп келемін.
Жаһандағы жанашырым, сенерім!
Өзіңменен өмір кешсем деп едім...

Жүрегіңнен жүрегіме жыр бердің,
Шуағы ерек бірге жүрген күндердің.
Өміріңді өмірім деп білгенмін,
Сен боп, сен деп, сен деп өмір сүргенмін...

Бақытыма бақытыңды байладың,
Қара тасқа қайтармайтын қайрағым.
Сені құшсам, сезім гүлдеп, жайнадым,
Басымдағы байрағым!!!

Жаһандағы сапардағы серігім,
Тілегімді жүрегіңе теліdім!
Сені мәңгі аспаныма көтерем,
Өмірімді өлең қылған Өмірім!

### *ФӘНИ-ҚҰС*

Мен бе...
Сен бе...
ОЛ ма әлде кінәлі –
Неге оттан түтін иісі шығады?
Жан өртіне су себетін жан таппай,
Сарқылғанда дүниенің бұлағы –
Қап-қара боп тұтылған күн тәрізді,
Өртенем де кетем ылғи...
Аңызды
есіме алам фәни-құсты, фәниді,
Өзегімді өрт-өкініш қариды.
О, отты жыр, өзегімді қари түс,
Менің атым – Фәни-құс!
Елдің бәрі ақын ғой деп ұғатын,
Қос қанатым өрт жалын боп шығатын...

Жарымы күл, жартысы от денемнің,
Бірақ, оған сенер кім?!
Бақи жаққа күнде барып қайтатын,
Өле алмайтын өзегі өрт өлеңмін!
Лап еткенмін шайтан шашқан шараптан,
Өзін өртеп, өзімді өртеп...
Сан оттан
түтін иісті күл жұғыпты жаныма,
Шайтан шәрі тозақтан
«...Оттан туған»
Өн-бойымды құрсар күш,
Басым кейде күлсалғыш.
Жанып-сөніп, шерді өртеген жүрегім,
Жартысы - күл, жарымы – нұр...
Жыр. Өлім
Екеуінің ортасында сенделген,
Жыр тірілтіп, шер көмген.
Бір бұлаққа келем әлі шөлдеумен...
Жүз өртеніп, тоқсан тоғыз сөнгенмен.
Күлге толып бара жатқандай өр кеудем.
Лап еткізіп жер-жаһанды жарығым
Мен тұтанған күні неге налыдың,
Мен сөнетін күнді неге жорыдың,
От пен бірге күл жаратқан Тәңірім?!.

* * * * *

### ҮШЕУ

Бір-бір үйдің бір-бір жалғыз ұлы едік,
Дос-жақынын бауыр қылған тағдыры.
Бір әлемнің жалқы жалқын Күні едік,
Кеңістігін кестелеген таң нұры.

Үшеуіміз де бір ғасырдың төлі едік,
Бірге естідік өткен күннің сызды үнін.
Көппен бірге сан думанға бөледік,
Жалғыздықтың жиырмасыншы жүз жылын.

Жалғызбыз деп айтпадық біз бірақ та,
Көпшіл досқа қонсы қонған көршіміз.
Үшеуімізге ортақ арман-мұрат та,
Үшеуіміздің бөлінбеген еншіміз.

Үшеу едік...
Екеу-ақпыз бүгінде,
Өр ғасырдан өтпей қалды сол жалғыз.
Көбейеміз, көбейеміз түбінде,
Болашаққа топпен сәлем жолдармыз.

Үшеу, екеу, жалғыздың да жан жырын,
Түсінеді-ау дос таба алмай жүрген ер.
Жалқы туып, көппен көрген тағдырым,
Жалғыздықтың көзін құртар күн келер!

Дәл сол күнге — түбі, ақыры бір келмек,
Әзірленем әспетті әсем дәмемен.
Сұраймысыз «сол үшеуі кімдер?» деп,
Мен айтайын —
Атам, Әкем және мен...

### ШАРАСЫЗДЫҚ

Бұлтсыз күнде бұлыңғыр тартса аспаным,
Мұңына ортақ жыр сыйлағаным басқаның.
Өзімнен емес, өзгеден іздеп бақытты,
Өлімнен емес, өмірден қорқа бастадым!
Таңдарда талып, ұйқысыз түнде мәңгіріп,
Тұсымнан өтіп бара жатады мәңгілік!
Басымнан ұшып бара жатады сан қиял,
Қасымнан қашып, тірлікке мені қалдырып.
Отырмын міне, тағы да жалғыз, түн қатып,
Қап-қара ойға шым батып.
Озып барады бар бәйге менің басымнан,
Қу жалған маған ериксіз қолды бұлғатып.
Шырқап барады аспанға аппақ кемелер,
(Ондағы жұрттың жағдайы жоқ-ау мені елер).
Қара тақырдан босатар емес бойымды,
Ойымды тесе тереңге сіңген шегелер.
Жанымды жеген сезімдей жегі-жебірлер,
Аузымды ашсам үздікпей үнім, жел үрлер.
Өмір боп көктен жеткенде көктем жарықтық,
Тамыр боп кетер тәрізді осы темірлер!
Алыстап сонша армандай аңсар аспаным,
Мәңгіліктерге мәңгіріп назар тастадым.
Сезімнен емес, төзімнен тауып рахатты,
Өлімнен емес, өмірден қорқа бастадым...

* * * * *

### АБЫЛ МЕН ҚАБЫЛ ОҚИҒАСЫ.
ҚАЗІРГІ НҰСҚА.

Тәңір бізге неге қарға жіберді –
Ұлысынан үзгені ме күдерді?
Қыран күткен, ұран күткен жұртқа,
Құзғын-тағдыр қайырылып сан түнерді.

Ей, тозақтан ұшып келген қос қарға,
Тәңір бізге әдейі әкеп қосқан ба?
Қара түннің қағанағын қақ жарып,
Бозарып сан оянып ем боз таңда.

Қиялдарым қия кезсе құсқа еріп,
Қайғым жатты тамыр тартып, іште өніп.

Абыл-Қабыл.
Екі қарға.
Ескі әуен.
Заманалар ауысқанда түске еніп.

Қара түнде жүрегімді от көмді,
Абыл-Қабыл...
(Өткен күнде жоқ белгі)
Екі қарға бірін-бірі өлтіріп,
Екібасты қарақұс боп кеткен-ді!

Екібасты қарақұс па, қарға ма?
(Бәрі қайтып барады ғой Аллаға!)
Күн түбінде қыран келед саңқылдап,
Талып-қажып жеткем талай таңға да.

Көршің сүйген екібасты қарақұс,
Үш жүз жылдық тағдырымыз тарамыс!
Байрағымда қыран қанат сермесе,
Өңіндегі қайғылардың бәрі алыс.

Тәңір бізге неге берген қарғаны,
Алашымның аққу еді арманы?!
Қыран еді, Тұран еді киеміз,
Жарнама мен түс боп кетті қалғаны.

Жанарымнан саулағанда жаңбыр-жыр,
Таңда жырлап оятады сан бұлбұл.
Үш ғасырдай түсіңе енген шошытып,
Құлдық сана – қарға түстес тағдыр бұл...

* * * * *

### *ТҮНГІ КӨЛ СУРЕТІ*

Кербез көлдің аяздай түнгі лебі,
Жым-жырт түнде жырқылдап жын күледі.

Жағалауда тоңады құм қалтырап,
Жел сүйресе, күрсініп қырға ұмтылад.

Жарқабақтар мүлгиді сыз қамалап,
Көлдің ернін құрсаулы мұзға балап.
Жағаны іздеп қаңғыған толқындар да
Көзін жұмып қалғыған, көл тынғанда.
Кемелер тұр сұстанып түнге өкпелі,
Қайықтарға су сіңіп дірдектеді.
Қалш-қалш етіп құм байғұс тыр жалаңаш,
Әлденеге жырқылдап жын ғана мас.
Қала жақта болған-ау күні бойы,
Түнде оңаша қыдырмақ — мұның ойы.
Әлде, серік тапты ма, кім біледі?!
(Бір білсе оны, тұңғиық түн біледі).
Қайта-қайта шулатып қамыстарды,
Батпақ шашты, көл болса намыстанды —
Түнеріп ап лақтырды толқындарын,
Жел де өзгертті оп-оңай сол түнгі әнін.
Құм байғұс та долданып шашын жұлды,
Қала жаққа қамыстар басын бұрды.
Жайын шоршып, көл бетін айпар қылды,
Санын шымшып, шарылдап шайтан күлді.
Қала жақтан үн шықса басқа бөтен,
Гитарамен ән айтқан жастар екен.

Шу көбейіп күрсінді өр кемелер,
